



30



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT
OF A NEW REALITY”**

НҰР-СҰЛТАН 2021

УДК 657.6
ББК 65.053
С23

С23 Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

ISBN 978-601-337-598-4

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

ISBN 978-601-337-598-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2021

СЕКЦИЯ 4. ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ВНУТРЕННЕГО И ВНЕШНЕГО АУДИТА В ПОВЫШЕНИИ ЭФФЕКТИВНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ

Акимеева А.Б., Сапарбек С.Д.

E-mail: akimeyeva00@mail.ru; saldar.saparbek@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Мемлекеттік аудит» мамандығының 3 курс студенттері, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші: Бейсенова Л.З.

Аннотация

Қазіргі таңда кез келген дамыған мемлекеттің өзіндік бюджет саясаты болады. Сол бюджеттің көлемі мен атқарылуына қарай мемлекеттің әл-ауқаты өлшенеді. Ал бюджет қаражаты мен мемлекеттік активтерді басқаруда және тиімді пайдалануда "Мемлекеттік аудиттің" үлесі зор болып табылады. Негізінен бұл мақалада мемлекеттік сатып алулар, мемлекеттік мүлік, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік, бағалау қызметін жүзеге асыратын "Ішкі мемлекеттік аудит" саласын қарастырылып өтеді. Тұтастай алғанда, мемлекеттік басқару жүйесінде мемлекеттік аудит пен ішкі мемлекеттік аудит тұжырымдамасы көрсетіледі. Ішкі мемлекеттік аудит - мемлекеттік аудит объектісінің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген тікелей және түпкі нәтижелерге қол жеткізуін, қаржылық және басқарушылық ақпараттың сенімділігі мен анықтығын, мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын, мемлекет активтерінің сақталуын талдау, бағалау және тексеру болып саналады. Сонымен қатар, ішкі мемлекеттік аудиттің жүргізу кезеңдері мен типтері ашып көрсетіледі. Жалпы осы ішкі мемлекеттік аудиттің тексеру барысы мен тексеру түрлерінің әрқайсысы қарастырылады.

Аннотация

В наше время у любой развитой страны есть своя бюджетная политика. Благосостояние государства измеряется размером и исполнением бюджета. Государственный аудит играет важную роль в управлении и эффективном использовании бюджетных средств и государственного имущества. В данной статье основное внимание уделяется направлениям «внутренний государственный аудит», который осуществляет государственные закупки, государственное имущество, бухгалтерский учет и финансовую отчетность, оценку стоимости. В целом система государственного управления отражает

концепции государственного аудита и внутреннего государственного аудита. Внутренний общественный аудит - анализ, оценка и проверка достижения прямых и окончательных результатов объекта государственного аудита, предусмотренных документами системы государственного планирования Республики Казахстан, достоверности и достоверности финансовой и управленческой информации, эффективности внутреннего аудита. процессы, качество государственных услуг; рассмотрено. Кроме того, раскрываются этапы и виды внутреннего публичного аудита. В целом рассматривается ход аудита и каждый из видов аудитов.

Abstract

A special role in the development of the sector of state audit in the Republic of Kazakhstan is played by the provision of state audit bodies with personnel of a high level of professionalism and qualification. This article shows the importance of improving the professional skills of state auditors and demonstrates effective methods for improving it. Moreover, the article reflects the factors and ways of improving the skills of state auditors that have an effective impact on foreign experience. Continuous improvement of self-efficacy and knowledge improves the quality of audit activities. The special place of advanced technologies on the development path is considered, as well as the importance of cooperation and relationships between teams. Knowledge sharing is shown as the most effective method of improving the professionalism of state auditors. In addition, the importance of certification and retraining of state auditors in the Republic of Kazakhstan is determined.

Түйінді сөздер: *мемлекеттік аудит, ішкі мемлекеттік аудит, мемлекеттік аудитор, ішкі аудит қызметі, тексеру, ішкі аудит, сыртқы аудит, Қазақстан Республикасы, тиімділік*

Тарихи тұрғыдан алғанда, ішкі аудит тек қана тиісті бухгалтерлік есепті, активтерді басқару жүйесін қамтамасыз етумен шектелді, сонымен қатар қажетті рәсімдердің дұрыс қолданылатындығын анықтау үшін қолданылды. Уақыт өте келе бұл ақпарат біршама өзгерістерге тап болып, қазіргі бұл тәсіл ішкі аудит тек қаржылық мәселелермен шектелмей, шығындар мен пайданы талдау, ресурстарды пайдалану және басқару тиімділігі мәселелерін және т.б. сияқты мәселелерді қамтыды.

Ішкі аудит мемлекеттік ішкі қаржылық бақылаудың элементі болып табылады, ол бюджет қаражатын басқарушы қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында ішкі бақылау жүйесінің жай-күйін тексеру жөніндегі іс-шараларды жүргізеді [3].

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Заңына сай (11.01.2018 жылғы өзгерістермен) біздің еліміздің мемлекеттік аудиті субъектіге байланысты мынадай түрлерге бөлінеді:

1) міндеттері халықтың өмір сүру жағдайлары сапасының серпінді өсуін және елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұлттық ресурстарды тиімді және заңды басқаруды талдау, бағалау және тексеру болып табылатын сыртқы мемлекеттік аудит;

2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында қарастырылған тікелей және түпкі нәтижелерге мемлекеттік аудит объектісінің қол жеткізуін, қаржылық және басқарушылық ақпараттың сенімділігі және анықтығын, мемлекеттік аудит объектілерінің қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің сақталуын талдау, бағалау және тексеру сияқты міндеттері бар ішкі мемлекеттік аудит [6].

Ішкі мемлекеттік аудит органдары өз кезегінде мынадай тексерулер жүргізеді:

1) қарсы тексеру - тексерілетін мәселе негізінде мемлекеттік аудиттің негізгі объектісімен өзара қарым-қатынас мәселелері бойынша ғана жүргізілетін үшінші тұлғаларды тексеру. Бюджетке түсетін түсімдерді қалыптастыруға қатысатын және бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, байланысты гранттарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдаланатын, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті басқаруды және пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар үшінші тұлғалар бола алады;

2) бірлескен тексеру-нәтижелері бойынша бірыңғай қорытынды құжат қабылданатын, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен және мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, келісілген мерзімдерде, бірыңғай бағдарлама және мемлекеттік аудит тобы шеңберінде жүргізілетін тексеру;

3) қатар тексеру - басқа мемлекеттік органдармен келісілген мәселелер мен жүргізу мерзімдері бойынша өз бетінше жүргізілетін, кейіннен тексеру нәтижелерімен алмасып отыратын тексеру.[1]

Республикада республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы және ішкі бақылауды жүзеге асыратын органдар құрылды. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті республикалық бюджеттің атқарылуын, мемлекет активтерінің пайдаланылуын сыртқы бақылауды, ал тексеру комиссиялары жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылауды жүзеге асырады. Қаржы Министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылауды жүзеге асырады. Нәтижесінде бақылау іс-шараларының қайталанып келуі орын алады және сол арқылы қаржылық бақылаудың тиімділігі төмендейді.

Осыған сәйкес мемлекеттік аудит тұжырымдамасында ішкі бақылау жөніндегі уәкілетті органның қолданыстағы аумақтық бөлімшелерінің оңтайлы әдісін құру қарастырылған. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік тапсырған ішкі аудит жөніндегі орган және орталық мемлекеттік органдардағы

және облыстар, республикалық маңызы бар қала немесе астана әкімдерінің аппараттарындағы ішкі аудит қызметтері ішкі мемлекеттік аудит субъектілері болады. Ішкі аудит қызметін объективті бағалау және ұсынымдар беру бөлігінде мемлекеттік органның бірінші басшысына бағынуға, стандарттар мен регламенттерді сақтау бойынша сапалы есептілікті ұсыну бөлігінде мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға есеп беруі тиіс.[4]

Ішкі мемлекеттік аудит мынадай өзара байланысты кезеңдерден тұрады:

1) тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде мемлекеттік аудитті ұйымдастыруды қарастыратын мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін құру;

2) жекелеген мемлекеттік аудитті жоспарлау және оны жүргізу;

3) ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша шешімдер қабылдау және құжаттар жасау [7].

Дамыған елдерде ішкі аудит функциялары әр мемлекеттік органда қарастырылған. Бұл ретте ішкі аудиттің рөлі рәсімдердің ішкі саясатын және ұйымдардың мақсаттарына қол жеткізу тетігін тексеру болып табылады. Ішкі аудит қызметі атқарушы биліктің органикалық бөлігі болып табылады, сол себепті ұйымның бірінші басшысына бағынады және есеп береді. Шет елдерде ішкі аудит қызметтерінің негізгі өкілеттіктері:

- мемлекеттің қаржы ресурстары және активтерін басқарудағы алып қоюлар мен кемшіліктерді анықтау;

- стратегиялық жоспарларды орындауда сыни тәуекелдерді төмендету;


- ұйымдардың "ықтимал" заңсыз әрекеттерін бағалау.


Қазіргі заманғы өзгерістерге сәйкес әлемнің озық елдерінің ішкі аудит қызметтерін дамытуда олардың рөлі күшейіп, мемлекеттің құралдары мен мүлкін ұтымды және тиімді басқаруда әрбір мемлекеттік органның жауапкершілігі мен мүдделілігі артады.[5]

Бұл бағытта республикада ішкі аудит қызметтері құрылуы қажет. Бақылау іс-шараларының сапасын арттыру және олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік аудиттің тиімді қамтамасыз ететін жүйесін құру, мысалы бақылау іс-шараларын жоспарлау мен жүргізудің келісілген әдіснамасын құру, кадрларды орталықтандырылған даярлау және қайта даярлау мәселесін шешу, сондай-ақ аудит жөніндегі бірыңғай ақпараттық базаны құру қажет.

Сыртқы аудит

Ішкі аудит





Сурет 1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік аудитінің ұйымдық құрылымы

Аудиттің тиімсіз жүйесінің мүмкін болған себептері посткеңестік елдерге тән шектен тыс бюрократизация, сонымен қатар есептіліктің нақты және бірыңғай жүйесінің болмауы болып табылады. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" заңға сай аудит көрсеткіштерінің тізбесі толықтырылуы қажет екендігін атап өтуге болады. Сонымен қатар, бұл көрсеткіштерді сандық қана емес, сонымен қатар сапалық сипаттама ретінде де қарастырған керек. Бірлескен аудитті қолдану ішкі аудит жүйесін дамытуға зор үлесін қосады. Бірлескен аудит тәжірибесі қазір дамыған елдерде көп таралған. Бірақ мемлекеттік саясаттың бұл бағыты толық емес. Осылайша, Данияның заңнамасында аудиттің қалай жұмыс жасауы керектігі немесе аудит ақысы әртүрлі аудиторлар арасында қалай бөлінуі қажеттілігі көрсетілмеген. Үндістан және Кувейт сияқты кейбір дамушы елдердің тәжірибесі үкіметтердің негізінен белгілі бір типтегі компаниялар үшін: биржада белгіленген банктер немесе мемлекеттік компаниялар үшін міндетті бірлескен тексерулер жүргізетінін көрсетеді.

Мемлекеттік ішкі аудиттің тиісті деңгейін, оның тиімділігі және нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік ішкі аудиторлардың кәсіби дағдыларын әрдайым арттыру, тексеру нәтижелерін жүргізу және құжаттау, ішкі аудит бөлімшелерінің санын арттыру керек. Мүдделер қақтығысы туындамас үшін бізге мемлекеттік аудиторлар арасында функциялар мен міндеттерді нақты бөлу қажет. Тиімділік аудитін жүргізу орынды болар еді, ол мемлекеттік қаржыны тиімді пайдалануға ғана емес, сонымен қатар оларды құрудың тиімділігіне де байланысты болуы керек. Қаржылық тәртіпті бұзғандығы үшін жауапкершілікті анықтайтын заңдар және нормативтік актілер біршама қайта қаралуы тиіс [2].

Азаматтардың әлеуметтік қамтылуын, сонымен қатар мемлекеттің тұрақты экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ең маңызды бөлігі-мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау. Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын кең ауқымды инвестициялық және әлеуметтік жобаларды іске асыру және бюджет саясатын жүзеге асыру кезінде мемлекеттік аудиттің рөлі жоғары болып келеді.

Қазақстан сияқты жер көлемі кең, қазба-байлыққа бай мемлекетке әрбір өнімнің, қызметтің сапалы, тиімді болғаны маңызды. Сол маңыздылық арқылы біз қазіргі таңда әлемдік аренада жоғары орындардан көрініп жүрміз. Тиімділікті жүзеге асырудың бірден-бір жолы аудит болып табылатынын, оның ішінде ішкі аудиттің рөлі қандай екендігін біз жоғарыда қарастырып өттік. Ішкі

мемлекеттік аудит мемлекеттік басқару жүйесінің маңызды бір бөлшегі болып табылады. Ол бюджет қаражатын, сонымен қатар мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың активтерін пайдалану үшін тиімділік пен жауапкершілікті арттыруға негізделген болып келеді. Кез келген салада эффективті болу тенденциясы өзекті болып тұрған кезде, ішкі мемлекеттік аудиттің біздің елімізде өміршең болатынан сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Bobek D.D., Daugherty B.E., Radtke R.R. Resolving Audit Engagement Challenges through Communication. Auditing: A Journal of Practice & Theory. 2012. Vol. 31. N. 4. P. 21–45.- <http://www.aaajournals.org/doi/pdf/10.2308/ajpt-50210>

2. Stephens N.M. External Auditor Characteristics and Internal Control Reporting Under SOX section 302. Managerial Auditing Journal. 2011. Vol. 26. N. 2. P. 114–129.- <https://www.emeraldinsight.com/doi/pdfplus/10.1108/02686901111095001>

3. Бексултанов А.А., Дуламбаева Р.Т., Зиядин С. Анализ факторов, влияющих на качество государственного аудита в Казахстане.- <https://repository.apa.kz/bitstream/handle/123456789/310/analiz-faktorov-vliayuschih-na-kachestvo-gosudarstvennogo-audita-v-kazahstane.pdf?sequence=1&isAllowed=y>

4. Shue-Ching Lee, Jau-Ming Su, Sang-Bing Tsai. A comprehensive survey of government auditors' self-efficacy and professional development for improving audit quality <https://springerplus.springeropen.com/articles/10.1186/s40064-016-2903-0>

5. Мемлекеттікаудиторбіліктілігіниеленугеүміткер адамдардысертификаттауқағидаларынбекітутуралы - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012720>

6. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттікаудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V ҚРЗ Заңы (03.07.2020 ж өзгерістермен) - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>

7. Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларын бекіту туралы. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 22-НҚ нормативтік қаулысы. - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012720>

ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ОРГАНОВ ВНЕШНЕГО И ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

Алиев М.К.

доктор экономических наук, профессор
Казахский университет экономики, финансов и международной торговли,
г. Нур-Султан, Республика Казахстан

E-mail: ali--mur@mail.ru

Избасарова Ж.Б.

магистр экономических наук,